

Әкімдіктің 2011 жылғы 25 қарашадағы № 403 "Әулікөл ауданында 2012 жылға арналған тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы" қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қостанай облысы Әулікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 11 мамырдағы № 141 қаулысы. Қостанай облысы Әулікөл ауданы Әділет басқармасында 2012 жылғы 5 маусымда № 9-7-162 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес, Әулікөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Әкімдіктің "Әулікөл ауданында 2012 жылға арналған тұрғындардың нысаналы топтарын белгілеу туралы" қаулысына 2011 жылғы 25 қарашадағы № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 9-7-148 нөмірімен тіркелген, 2012 жылдың 4 қаңтарында "Әулікөл" газетінде жарияланған) келесі толықтыру енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулының қосымшасы келесі мазмұндағы 16 – тармағымен толықтырылсын:

"16. Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар "

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Ж. Қалиевке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауданың әкімі

Ж. Нургалиев

КЕЛІСІЛДІ:

"Әулікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ бастығы

Р. Нұғманова